

**"Қазақстанда тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың баламалы мүмкіндіктері туралы" баяндама дайындау жөніндегі жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 320-ө өкімі

1. "Қазақстанда тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың баламалы мүмкіндіктері туралы" баяндама дайындау мақсатында мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Қуанғанов - Қазақстан Республикасы Премьер-  
Фархад Шаймұратұлы Министрінің кеңесшісі, жетекші

Заяц - Алматы қаласы әкімінің орынбасары

Яков Игнатъевич

Құрманғазиев - Президент Әкімшілігі Жүйелі  
Жәрдем Есламғалиұлы зерттеулер орталығы жетекшісінің

орынбасары (келісім бойынша)

Әубәкірова - Қазақстан Республикасының

Светлана Қонысбайқызы Қаржы министрлігі Мемлекеттік борыш  
және кредит беру департаменті

директорының орынбасары

Жақыпова - Қазақстан Республикасының Қаржы  
Бибігүл Есілбайқызы министрлігі Мемлекеттік мүлік

жөніндегі комитеті Заң басқармасы  
мемлекеттік мүлікпен мәмілелерді  
құқықтық қамтамасыз ету және құрылтай  
құжаттарын талдау бөлімінің бастығы

Райымбеков - Қазақстан Республикасының Жер  
Қаналбек Өтжанұлы ресурстарын басқару жөніндегі

агенттігі төрағасының орынбасары

Өтеғұлов - Қазақстан Республикасының  
Мәулен Амангелдіұлы Экономика және бюджеттік жоспарлау

министрлігі Мемлекеттік қарыз алу және  
кредит беруді жоспарлау

департаментінің директоры

Ақышев - Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Данияр Талғатұлы Банкі Зерттеулер және статистика

департаментінің директоры

(келісім бойынша)

- Исламов - "Астана-Қаржы" ашық акционерлік  
Кинталь Кинтальұлы қоғамы басқармасының төрағасы  
(келісім бойынша)
- Сағындықова - "Қазақстандық ипотекалық компания"  
Майко Оразымбетқызы жабық акционерлік қоғамының президенті  
Матаев - Қазақстан Республикасы Премьер-  
Қазбек Төлеубекұлы Министрінің Кеңесі Өндірістік сала  
және инфрақұрылым бөлімінің  
консультанты
- Шварцкопф - Қазақстан Республикасы Премьер-  
Илона Альбертовна Министрінің Кеңесі Экономика  
бөлімінің консультанты

2. Жұмыс тобы баяндаманы дайындау кезінде тұрғын үй құрылысына ұлттық және шетелдік қор рыноктарының қаражатын тарту мүмкіндіктерін, қажетті қаржы инфрақұрылымы мен қаржы құралдарын дамыту мәселелерін, соның ішінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыратын өңірлік инвестициялық институттар құру, сондай-ақ инвестициялар тарту тетігі ретінде жер ипотекасын пайдалану мәселелерін пысықтасын

3. Жұмыс тобына белгіленген тәртіппен тәуелсіз сарапшыларды тартуға рұқсат берілін.

4. Жұмыс тобы 2004 жылғы 5 ақпанға дейінгі мерзімде "Қазақстанда тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың баламалы мүмкіндіктері туралы" баяндаманы ұсынсын.  
*Премьер-Министр*